

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.102-105

АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ЖАСТАР» САЯБАҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аманжолов А.Р.

Арқалық қаласы Қостанай облысының оңтүстік жағында құрғақ дала аймағында орналасып, Қазақ жазық бедерімен сипатталады. Қаланың солтүстік бөлігі сарғылт шағын аймағына жатады, аймақтың оңтүстігі-теңбілденген сортаң ашық сарғылт топырақтан тұрады. Ауа-райы шұғыл континенттік. Қысы салқын, жазы ыстық. Жылдық жауын-шашын мөлшері 270 мм, қаңтарда орташа температура 17°С, шілдеде 21-24°С, вегетациялық кезеңі 170-180 тәулікке, жер бедерін қардың жабуы 139 күнге созылады [1].

Зерттеу объектісіне келетін болсақ, Арқалық қаласындағы «Жастар» саябағы 2000 жылы құрылған. Жалпы ауданы 10,5 га жерді алып жатыр.

Саябақ топырағы қоңыр, сортаң, орташа сазды, қарашірігі аз, кейбір жерлерінде қара-қоңыр топырақтар кездеседі. Бұл саябақтағы барлық ағаш түрлерін қосқанда 2269 дана ағашты құрайды. Онда көп отырғызылған ағаш түрлері: қарағай, үйеңкі, шегіршін, алма, алмұрт ағашы, терек, тал, қайың және т.б ағаштар мен бұталар кездеседі. Тірі қорғандардың ұзындығы 1244 м², жолдардың жиегінде рабатка ретінде отырғызылған петуния, тагетес, гүлдері 57 м² жерді алып жатыр. Сондай-ақ саябақта шағын архитектуралық элементтер бар: орындықтар 25 дана, қоқыс жәшіктері 18 дана, шамдар 28 дананы құрайды.

«Жастар» саябағындағы қоңыр, сортаң, орташа сазды, аз қарашірікті және кейбір жерлеріндегі қара-қоңыр топырақтарда отырғызылған ағаштар мен бұталардың өсу көрсеткіштері кестеде келтірілген (кесте 1).

Кесте 1 - Жастар саябағындағы ағаштардың өсу көрсеткіштері 2003-2014 жж.

Ағаш түрі	Отырғызылған жылы	Жасы	Отырғызу түрі	Орташа биіктігі, м	Ағымдық өсім биіктігі бойынша, м 2014 жыл	Орташа диаметрі, см
1	2	3	4	5	6	7
Кәдімгі қарағай	2003, I-II	5	талдан тоқылған себет	5,5	0,23	11,7

Кәдімгі қарағай	2003, I-II	8	талдан тоқылған себет	6,8	0,19	16,4
Кәдімгі қарағай	2003, I-II	12-14	ком	6,6	0,20	11,5
Кәдімгі қарағай	2003, I-II	15-17	ком	7,0	0,20	16,5
Қотыр қайың	2003, IV	7	талдан тоқылған себет	6,8	0,52	7,9
Қотыр қайың	2002, X	15-18	ком	11,3	0,30	15,2

кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Кәдімгі емен	2002, IX	10	талдан тоқылған себет	4,9	0,26	7,1
Кәдімгі емен	2003, V	12	талдан тоқылған себет	5,3	0,38	6,7
Кәдімгі шегіршін	-	5-7	ком	2,5	0,20	1,9
Үйеңкі	2000	6	ашық тамыр жүйесімен	3,3	0,27	3,7
Шаған жапырақты үйеңкі	2000	6	ашық тамыр жүйесімен	3,3	0,20	4,0
Мырза терек	2002, IX	6-7	талдан тоқылған себет	9,1	0,48	8,9
Сібір алмасы	2002, X.	7	ашық тамыр жүйесімен	4,1	0,36	5,1
Жылтыр шегіршін	2001	6	ашық тамыр жүйесімен	4,0	0,10	3,8

			н			
Алмұртус суриялық	2000	8	ком	4,0	0,34	5,4
Долана	2000	6-7	ашық тамыр жүйесіме н	3,7	0,26	4,3
Шырша				4,1	0,20	7,2
Кәдімгі қарағай	2003, I-II	5	талдан тоқылған себет	5,3	0,30	11,5

Саябақта ағаштар мен бұталарды отырғызу әр түрлі кезеңдерде, яғни көктемде, күзде және қыста жүргізілген. Қылқандылардан әр түрлі жастағы қарағай ағашы отырғызылған. Осы қарағай ағашының жерсінуін отырғызу жасына байланысты анықтағанда ең жақсы нәтижені қыс мезгілінде талдан тоқылған себетпен отырғызылған 5 немесе 7-8 жастағы қарағай екпелері көрсетті (90,7-95,6%), қайың ағашының 5-7 жылдық екпелерінің жерсінуі – 93,5%, терек ағашының 6-7 жылдық екпелерінің жерсінуі – 86,1-95,6%. Ағаштар қалыпты жағдайда дамыған, тек арасында қысқы температураның төмен болуынан, қылқанды ағаштардың қылқандарының сарғаюы кездесті. Қарағайдың 12-14 жылдық отырғызылған екпелерінің жерсінуі 66,7%, 15-17 жылдық екпелердің жерсінуі – 60,1% құрайды. Тұрақты жерсінуді қотыр қайыңның 2003 жылы 5-7 жылдық талдан тоқылған себеттерімен отырғызылған екпелері көрсетті. Сондай-ақ кәдімгі емен ағашының жерсінуі күзде отырғызылған екпелерде – 64,2 % және көктемде отырғызылған екпелерде – 69,4%, ал қыс мезгілінде отырғызылған екпелер жерсінбей өліп қалған.

Ашық тамыр жүйесімен отырғызылған 5-7 жылдық және металдан жасалған себетпен отырғызылған 12 жылдық кәдімгі шегіршін ағашының жерсінуі 74,5-79,1%-ды құрайды.

Жоғары жерсіну 6-7 жылдық талдан тоқылған себетпен отырғызылған мырза терек ағашында байқалды – 86,1-95,6%. Сонымен қоса 6-7 жылдық ашық тамыр жүйесімен отырғызылған шаған жапырақты үйеңкі, сібір алмасы және долана ағаштарының жерсінуі әр түрлі көрсеткіштерді көрсетті. Сібір алмасы – 77,2 %, шаған жапырақты үйеңкі – 78,6 %, долана - 50%. Мойыл ағашының 10 жылдық отырғызылған екпелері өліп қалған[2].

Үйеңкі ағашына тоқталып кететін болсақ, Норвегия қалаларында көгалдандыруда өте кең қолданылады. Оған басты себеп ретінде оның антропогендік ластаушы факторларға төзе алатындығы. Сондықтан ол қалалық саябақтарда, скверлерде, ашық ландшафттарда, аллеяларды көгалдандырудағы басты ағаш түрі болып табылады[3].

Қортындылай келе ашық және жабық тамыр жүйелерімен отырғызылған бақылауға алынған ағаш және бұталардың жерсінуі қанағаттандырарлық жағдайда болуы және эстетикалық жағынан жақсы өскенін байқауымызға болады. Осы ағаштардың жерсіну жағдайын анықтай отырып жаз айында 15 – 18 жылдық қайың екпелерін отырғызуға және мойыл ағашын ашық тамыр жүйесімен отырғызуға ұсынылмайды.

Осы кестеде келтірілген ағаш және бұталардың өсу көрсеткіштерін салыстырып қарайтын болсақ кәдімгі қарағай ағашының 5-8 жылдық коммен отырғызылған екпелерінің биіктіктері 12-14 жылдық отырғызылған екпелермен бірдей, ал 15-17 жылдық отырғызылған қарағай екпелерінің биіктігі жоғары болып келеді.

Саябақтағы ағаштар мен бұталардың жерсінуі мен таксациялық көрсеткіштерінің нәтижесіне сүйене отырып, бұл саябақта жабық тамыр жүйесімен және 5-8 жылдық екпелерді отырғызу тиімді болып келетінін көруімізге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Арқалық қаласы әкімнің интернет ресурсы
2. "Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар бөлімі" мемлекеттік мекемесі
3. Swierk, D (Swierk, Dariusz), Krzyzaniak, M (Krzyzaniak, Michal), Walerzak, MT (Walerzak, Milosz T.), Urbanski, P (Urbanski, Piotr). Effect of environmental variables on health condition of *Acer platanoides* L. in urban parks and forests of the city of Poznan. Tom: 159, Edition: 3, Page: 236-245